



Қазақстан Ұлттық Банкі
Төлем жүйелері және цифрлық қаржы
технологиялары департаменті

**Көрсетілетін төлем қызметтері
нарығының дамуына шолу
2026 жылғы I жартыжылдық**



Ұлттық Банктің маңызды міндеттерінің бірі – төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Ұлттық Банк ұлттық төлем жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ көрсетілетін төлем қызметтерінің нарығын реттейді, бақылайды және қадағалайды.

Ұлттық төлем жүйесі Қазақстанның қаржы жүйесінің маңызды элементі болып саналады. Ол экономиканың нақты секторын қолдай отырып, нарыққа қатысушылардың өзара тиімді іс-қимылын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем жүйелері және цифрлық қаржы технологиялары департаменті осы сектордағы негізгі көрсеткіштерді көрсететін төлем нарығының статистикалық деректеріне талдау жасайтын шолу дайындады.

2026 жылғы I жартыжылдықтағы төлемдер нарығы мен төлем жүйелерін талдау негізінде шолуда Ұлттық Банктің төлем жүйелерінің, төлем карточкалары мен электрондық банк қызметтері нарығының, халықаралық ақша аударымдары жүйелерінің жұмыс істеу нәтижелері көрсетілген.

Мазмұны

I. Қазақстан Ұлттық Банкінің төлем жүйелері	4
II. Көрсетілетін төлем қызметтерінің нарығы	9
1.1 Көрсетілетін төлем қызметтері нарығының инфрақұрылымы	9
1.2. Төлем карточкалары және электрондық банк қызметтері	10
III. Халықаралық ақша аударымдары жүйелері	14

Қазақстан Ұлттық Банкінің төлем жүйелері

Қазақстанда ұлттық валюта – теңгемен банкаралық төлемдердің негізгі ағынын есептеуді қамтамасыз ететін Қазақстан Ұлттық Банкінің төлем жүйелері – **Банкаралық ақша аударымдары жүйесі (БААЖ)** мен **Банкаралық клиринг жүйесі (БКЖ)**. Бұл жүйелер еліміздің қаржы нарығы инфрақұрылымының негізгі элементтерінің бірі болып саналады.

БААЖ бағалы қағаздар нарығы мен валюта нарығына қатысушылардың міндеттемелері бойынша есептеулер мен ақша аударымдарын жүргізу үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясаты шеңберінде төлемдерді жүзеге асыру үшін пайдаланылады; ондағы есептеулер нақты уақыт режимінде жүзеге асырылады. Қазақстанның барлық банктері, «Қазпошта» АҚ, «ҚР Ұлттық Банкі» РММ, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ, сондай-ақ банктік емес қаржы ұйымдары мен жекелеген халықаралық банктер БААЖ-дың қатысушылары болып табылады.

Өз кезегінде, БКЖ көлемі шағын бөлшек тұрақты төлемдерге бағытталған. Жүйе операциялық күннің соңында бірыңғай есептік циклді көздей отырып, тәулік бойы (демалыс күндерін қоспағанда) жұмыс істейді. БКЖ-ға Қазақстан банктері, «Қазпошта» АҚ, «ҚР Ұлттық Банкі» РММ, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ және банктік емес қаржы ұйымдары қатысады.


Ұлттық Банктің төлем жүйелері арқылы Қазақстандағы қолма-қол ақшасыз операциялар көлемінің шамамен **90%-ы** өңделеді.

2026 жылғы I жартыжылдықта БААЖ арқылы 711,7 трлн теңге сомасына **17,2 млн транзакция** жасалды. 2025 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда төлемдер саны 0,6%-ға (108,5 мың транзакцияға) ұлғайды, ал төлемдер сомасы 3,7%-ға (27,3 трлн теңгеге) азайды.


Орташа алғанда бір күнде БААЖ арқылы 2026 жылғы қаңтар-маусым аралығында **6,0 трлн теңге** сомаға **146,0 мың** транзакция өтті.

Талдау БААЖ жүйесінде **төлемдердің ең көп көлемі** (жалпы көлемнің 19,9%) **11:00-ден 12:00-ге** дейінгі аралықта жүргізілгенін көрсетті. Сонымен қатар **төлем** транзакцияларының саны **15:00-ден 17:00-ге** дейінгі аралықта **өте көп болғаны** (жалпы санының 42,2%) байқалды.

1-график. Уақыт аралығы бойынша төлемдер сомасы



2-график. Уақыт аралығы бойынша төлемдер саны




2026 жылғы I жартыжылдықта БААЖ төлемдерінің көлемінде ең көп үлес салмақты қысқа мерзімді салымдарды орналастыру және алу бойынша операциялар — **52,9%**, шетел валютасын сатып алу-сату — **8,8%** және тауарлар мен қызметтер бойынша операциялар — **7,0%** алды.

2025 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда валюталық операциялардың көлемі **54,8%-ға**, ал өтеу мерзімі бір жылға дейін МБҚ-мен операциялар **54,2%-ға** өсті, бұл негізгі операция түрлері арасында ең көп өсуді білдіреді. Сонымен қатар өтеу мерзімі бір жылдан асатын МБҚ-мен операциялар көлемі **8,5 трлн теңгеге дейін 0,21 трлн теңгеге азайды**, ал қысқа мерзімді салымдарды орналастыру және алу бойынша операциялар

көлемі **376,3 трлн теңгеге дейін 91,43 трлн теңгеге** төмендеді.

2026 жылғы I жартыжылдықта **2024 жылдың ұқсас кезеңімен** салыстырғанда қысқа мерзімді салымдарды орналастыру және алу операцияларын **қоспағанда**, БААЖ-да төлем белгілеудің барлық түрлері бойынша көлемнің **өсуі байқалды**. Ең елеулі динамика валюталық операциялар бойынша байқалды: олардың көлемі 30,7 трлн теңгеден 62,6 трлн теңгеге дейін **2 еседен астам өсті**. Сонымен қатар қысқа мерзімді салымдарды орналастыру және алу бойынша операциялар көлемі 2024 жылғы I жартыжылдықтағы 419,3 трлн теңгеден 2026 жылғы I жартыжылдықтағы **376,3 трлн теңгеге дейін төмендеді**.

3-график. БААЖ-да төлем белгілеудің түрлері бойынша төлемдердің көлемі, трлн теңге



2026 жылғы қаңтар-маусым аралығында БКЖ арқылы 6,8 трлн теңге сомаға **36,7 млн** электрондық төлем хабары өткізілді. 2025 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда БКЖ-дағы төлем хабарларының саны 2,1%-ға (769,0 мың құжатқа), төлемдер сомасы 1,9%-ға (134,3 млрд теңгеге) азайды.


Орташа алғанда 2026 жылғы 6 ай ішінде көрсетілген жүйе арқылы бір күнде **57,4 млрд теңге** сомаға **311,2 мың** төлем хабары өтті.

2026 жылғы I жартыжылдықта БКЖ төлемдерінің көлемінде **ең көп үлес салмақты** тауарлар мен қызметтер бойынша операциялар — 45,2%, бюджетке есептелген және өзге де міндеттемелер — **16,2%** және клиенттің әртүрлі банктердегі өзінің ағымдағы шоттары арасында ақша аударуы — **7,3%** алды.

2025 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда тауарлар мен қызметтер бойынша төлемдер көлемі 3,1 трлн теңгеге дейін **9,2%-ға төмендеді**, ал бюджетке міндеттемелер бойынша аударымдар 1,1 трлн теңгеге дейін **5,4%-ға**, ал меншікті шоттар арасындағы аударымдар 496,5 млрд теңгеге дейін **2,6%-ға өсті**.

БКЖ-да төлем белгілеудің барлық түрлері бойынша 2026 жылғы I жартыжылдықта **2024 жылдың ұқсас кезеңімен** салыстырғанда **өсу байқалды**. Төлемдер көлемінің **ең көп ұлғаюы** әлеуметтік аударымдар бойынша — **62,3%-ға** (137,7 млрд теңгеден 223,5 млрд теңгеге дейін), тауарлар мен қызметтер бойынша — **25,2%-ға** (2,4 трлн теңгеден 3,1 трлн теңгеге дейін), сондай-ақ бюджетке есептелген және өзге де міндеттемелер бойынша — **24,0%-ға** (882,3 трлн теңгеден 1,1 трлн теңгеге дейін) байқалды.

4-график. БКЖ-да төлем белгілеудің түрлері бойынша төлемдердің көлемі, млрд теңге



2026 жылғы I жартыжылдықта **БААЖ-дың** үздіксіз жұмыс істеу (жұмысқа жарамдылық) коэффициенті **99,98%-ды, БКЖ – 100%-ды** құрады, бұл жалпы алғанда белгіленген нысаналы көрсеткіштерден¹ асады және елде жұмыс істеп тұрған жүйелердің жоғары тиімділігін көрсетеді.


¹ Халықаралық стандарттарға сәйкес, 99%-дан жоғары көрсеткіш елде жұмыс істейтін жүйелердің жоғары тиімділігін сипаттайды.

Көрсетілетін төлем қызметтерінің нарығы

1.1 Көрсетілетін төлем қызметтері нарығының инфрақұрылымы

Төлем қызметтері нарығының инфрақұрылымы халықтың төлем қызметтеріне қол жеткізуін қамтамасыз ететін құрылғылар мен арналардың жиынтығын білдіреді. Қазақстанда қашықтан қол жеткізу құрылғыларының (банкоматтар, POS-терминалдар, төлем терминалдары) банктік желісімен қатар халыққа төлемдер мен ақша аударымдарын ыңғайлы, жылдам және қауіпсіз жүзеге асыруға мүмкіндік беретін цифрлық арналар (банктердің мобильді қосымшалары) қарқынды дамып жатыр.

5-график. 2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстан өңірлері бойынша POS-терминалдар мен банкоматтар саны (бірлік)



2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банктер 1,4 млн POS-терминал және 13 мың банкомат орналастырды. POS-терминалдар мен банкоматтардың ең көп саны республикалық маңызы бар қалаларға (Алматы, Астана және Шымкент қ.), Қарағанды, Ақтөбе және Алматы облыстарына тиесілі.

Банктердің қашықтан қол жеткізу құрылғыларынан басқа, банктердің онлайн сервистері де белсенді қолданылады. 2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банктердің онлайн сервистерінің белсенді пайдаланушыларының² саны 9%-ға ұлғайып, 29,4 млн пайдаланушыны құрады.


1.2 Төлем карточкалары және электрондық банк қызметтері

2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша төлем карточкаларының эмиссиясын 18 банк пен «Қазпошта» АҚ жүзеге асырды. Айналыста 83,6 млн төлем карточкасы бар, оның 50,1% немесе 41,9 млн – белсенді төлем карточкалары³. Осылайша, әрбір Қазақстан тұрғынына орташа есеппен 4 төлем карточкадан тиесілі, оның 2 карточкасы белсенді.

Белсенді төлем карточкаларының жалпы санында виртуалды төлем карточкаларына 53%, физикалық карточкаларға 47% тиесілі.

Айналыстағы төлем карточкалары мен белсенді төлем карточкаларының өсу динамикасы сақталып отыр. 2025 жылғы 1 шілдедегі ұқсас деректермен салыстырғанда айналыстағы төлем карточкаларының саны **2,3%-ға**, белсенді төлем карточкаларының саны **1,5%-ға** ұлғайды.

6-график. Айналыстағы төлем карточкалары және белсенді төлем карточкалары (мың бірлік)



² Егер пайдаланушы интернет пен мобильді банкингті айына бір немесе одан да көп рет пайдаланса, пайдаланушы белсенді болып саналады.

³ Төлем карточкасы айына бір рет және одан да көп пайдаланылған жағдайда, ол төлем карточкасы белсенді болып есептеледі.


2026 жылдың I жартыжылдығында Қазақстан халқы қазақстандық эмитент банктердің төлем карточкаларын және электрондық банк қызметтерін пайдалана отырып **104,7 трлн теңге** сомасына **7,2 млрд** операцияларды жүргізді, бұл 2025 жылғы ұқсас көрсеткіштерден тиісінше **4,9%** және **3,2%-ға** артық.

Барлық транзакциялардың негізгі үлесін қолма-қол емес транзакциялар алады. Мәселен, қолма-қол ақшамен жасалмайтын транзакциялардың үлесі халықтың жалпы санының **98%-ын** және операциялардың жалпы көлемінің **88%-ын** құрады.

Халықтың **қолма-қол ақшамен жасалмайтын** операцияларының **саны 7,1 млрд** транзакцияға жетті, ал көлемі **92,1 трлн теңгеге** жетті, бұл өткен жылдың ұқсас көрсеткіштерінен тиісінше **5,1%** және **4,2%-ға** артық.

Бұл ретте қолма-қол ақшаны алу бойынша операциялардың саны мен көлемі азаюын жалғастыруда (тиісінше -5,8% және -3,8%).

7-график. Халықтың транзакцияларының динамикасы (трлн теңгемен)




Халықтың ақша төлемдері мен аударымдарын жасау үшін банктердің онлайн сервистерін пайдалануға деген жоғары сұранысы сақталып отыр. Қолма-қол ақшасыз операциялардың негізгі үлесі банктердің онлайн сервистері (Интернет, банктердің мобильдік қосымшалары және QR-нұсқау арқылы қолма-қол ақшасыз транзакциялар санының **80%-ы** және көлемінің **90%-ы**) арқылы жүргізіледі.

2026 жылғы 6 айда халықтың POS-терминал арқылы жүргізілген операцияларының жалпы саны мен көлеміндегі төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген операциялардың үлесі саны 42%-ды және көлемі 47%-ды, QR-кодты пайдаланатын операциялардың үлесі – саны 58%-ды және көлемі 53%-ды құрады.


Бұл ретте QR-кодты пайдалана отырып жүргізілген операциялардың саны POS-терминалдар арқылы төлем карточкасын пайдалана отырып жүргізілген операциялардың санынан 38%-ға, ал көлемі 13%-ға асып түсті.

Мыналарды пайдалану арқылы жүргізілген **1 транзакцияның орташа сомасы** (ақша төлемдері мен аударымдары): банктердің интернет және мобильді қосымшалары 19 мың теңгені, QR-код – 5,2 мың теңгені және POS-терминал арқылы төлем карточкалары – 6,4 мың теңгені құрады.


8-график. Операция жүргізу ортасы бойынша қолма-қол ақшасыз операциялардың құрылымы (саны, %)



9-график. QR-код және POS-терминал арқылы төлем карточкасын пайдалана отырып жасалған операциялардың көлемі




10-график. QR-код және POS-терминал арқылы төлем карточкасын пайдалана отырып жасалған операциялардың саны (үлесі, %)



2026 жылдың 6 айында халық **орта есеппен күн сайын** 508,8 млрд теңге сомасына 39,1 млн қолма-қол ақшамен жасалмайтын операциялар жүргізілді. Оның ішінде 50,8 млрд теңге сомасына 8,0 млн операция POS-терминалдарда төлем карточкаларын пайдалану арқылы жүргізілді, 57,3 млрд теңге сомасына 11,0 млн операция QR-кодты пайдалану арқылы жүргізілді.

Өңірлер бойынша қолма-қол ақшамен жасалмайтын операциялардың ең көп саны мен көлемі республикалық маңызы бар қалаларда (Алматы, Астана және Шымкент қалалары), Түркістан, Алматы және Қарағанды облыстарында.


11-график. Өңірлер бойынша халықтың операцияларының жалпы көлеміндегі қолма-қол ақшамен жасалмайтын операциялардың үлесі (көлемі, %)



Халықаралық ақша аударымдары жүйелері


2026 жылғы I жартыжылдықта халықаралық ақша аударымдары жүйелері (бұдан әрі – ХААЖ) арқылы жіберілген төлемдердің жалпы көлемі 2025 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 7,0%-ға төмендеп, 314,0 млрд теңге сомасына 881,0 мың транзакцияны құрады (12-график).

12-график. ХААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдарының көлемі мен саны




2026 жылғы I жартыжылдықта өткен кезеңдегідей валюталар бойынша ХААЖ арқылы жіберілген транзакциялардың жалпы көлемінен ақша аударымдарының үлкен үлесі теңгемен және АҚШ долларымен жүргізілді (13-график).

13-график. Валюталар бойынша ХААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдарының көлемі




2026 жылғы I жартыжылдықтың нәтижелері бойынша **шетелге** ХААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдары 303,1 млрд теңге сомасына 856,9 мың транзакцияны құрады. 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда төмендеу 5,6%-ды құрады. Қазақстаннан шетелге бір аударымның орташа сомасы 353,7 мың теңгені құрайды (14-график). Өткен кезеңдерге ұқсас шетелге жіберілген аударымдардың көпшілігі жеке тұлғалармен жүзеге асырылды (15-график).

14-график. Бір аударымның орташа сомасы



15-график. ХААЖ арқылы шетелге жіберілген ақша аударымдарының көлемі



Шетелге жіберілген аударымдардың негізгі үлесі – 59,0% теңгемен және 29,9% АҚШ долларымен жүргізілді (16-график). Қазақстаннан ақша алушы жетекші елдер шетелге аударым көлемінен 39,3% Ресей, 24,1% Өзбекістан, 15,6% Түркия, 6,3% Грузия және 3,1% Қырғызстан болды (1-кесте).

Өзбекстан (23%-ға немесе 22,2 млрд тг), Түркия (19%-ға немесе 11,3 млрд тг), Қырғызстан (11,4%-ға немесе 1,2 млрд тг) және Қытай (15,8%-ға немесе 1,4 млрд тг) бойынша шетелге жіберілген аударымдар көлемінің төмендеуі байқалады.

16-график. Валюталар бойынша шетелден ақша аударымдары


KZT 59%	USD 30%	RUB 11%
------------	------------	------------

1-кесте. Елдер бойынша шетелге жіберілген ақша аударымдары

Аударым жіберілген ел	Мың транзакциямен саны	Жалпы саннан үлесі, %- бен	Сомасы млрд теңге	Жалпы соманың үлесі, %-бен
Ресей, Ресей Федерациясы	583,07	68,0%	119,01	39,3%
Өзбекстан	105,93	12,4%	73,21	24,1%
Түркия	90,71	10,6%	47,29	15,6%
Грузия	9,42	1,1%	19,21	6,3%
Қырғызстан	17,12	2,0%	9,48	3,1%
Қытай	5,53	0,6%	7,21	2,4%
Әзірбайжан	5,72	0,7%	6,86	2,3%
Армения	3,36	0,4%	5,21	1,7%
Корея Республикасы	6,56	0,8%	3,23	1,1%
Тәжікстан	7,81	0,9%	2,59	0,9%
Басқалары	21,71	2,5%	9,82	3,2%
Жалпы жиыны	856,94	100,0%	303,14	100,0%


2026 жылғы I жартыжылдықта ХААЖ арқылы **шетелден алынған** ақша аударымдарының көлемі 96,5 млрд теңге сомасына 257,2 мың транзакцияны құрады. 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда алынған аударымдар көлемінің төмендеуі 8,5%-ды құрады. Шетелден Қазақстанға бір аударымның орташа сомасы 375,1 мың теңгені құрайды (17-график). Көрсетілген аударымдардың пайдасына жіберілді (18-график).

17-график. Бір аударымның орташа сомасы



99,99%-ы жеке тұлғалардың

18-график. ХААЖ арқылы алынған шетелден ақша аударымдарының көлемі



Шетелден алынған ақша аударымдарының негізгі үлесі АҚШ долларымен – 57,5% жүргізілді, ал теңгемен – 22,4% және Ресей рублімен – 13,5% (19-график).

19-график. Валюталар бойынша шетелден ақша аударымдары



2026 жылғы I жартыжылдықта аударымдардың негізгі ағындары алынған аударымдардың жалпы сомасының 23,0%-ы Ресей, 16,9%-ы АҚШ, 12,9%-ы Түркия, 10,0%-ы Өзбекістан және 7,9%-ы Германия сияқты елдерден түсті (2-кесте).

Шетелден алынған аударымдар көлемінің төмендеуі негізінен Ресейден (12%-ға немесе 3,1 млрд тг), Корея Республикасынан (41%-ға немесе 3,3 млрд тг) және Өзбекстаннан (10%-ға немесе 1,1 млрд тг) аударымдардың төмендеуіне байланысты болды.

2-кесте. Елдер бойынша шетелден ақша аударымдары

Қазақстанға аударым жіберген ел	Мың транзакциямен саны	Жалпы саннан үлесі, %-бен	Сомасы млрд теңге	Жалпы соманың үлесі, %-бен
Ресей, Ресей Федерациясы	77,02	30,0%	22,17	23,0%
Америка Құрама Штаттары	38,21	14,9%	16,34	16,9%
Түркия	30,45	11,8%	12,49	12,9%
Өзбекстан	12,37	4,8%	9,69	10,0%
Германия	37,71	14,7%	7,61	7,9%
Корея Республикасы	8,06	3,1%	4,72	4,9%

Қырғызстан	4,70	1,8%	3,58	3,7%
Грузия	5,63	2,2%	3,47	3,6%
Әзірбайжан	2,07	0,8%	1,52	1,6%
Израиль	4,07	1,6%	1,36	1,4%
Басқалары	36,88	14,3%	13,53	14,0%
Жалпы жиыны	257,16	100,0%	96,47	100,0%